

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 8 желтоқсандағы N 1209 Қаулысы "Техникалық реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 қарашадағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік стандарттар қорын қалыптастыру мен дамытудың тұжырымдамасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 7 тамыздағы N 1229 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1997 ж., N 36, 339-құжат);

2) "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік стандарттар қоры туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 26 желтоқсандағы N 1839 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1997 ж., N 57, 517-құжат);

3) "Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитетінің кейбір ұйымдары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 9 тамыздағы N 1227 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 2-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 34, 420-құжат).

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі